

Әлем назарын Астанаға аударған ауқымды жаһандық оқиға – “ӘКСПО – 2017” халықаралық мамандандырылған қормесінің ашылу салтанатына да санаулы күндер қалды. Елбасы Ұлттық жоба деп бағалаған жаһандық шараны өткізуге дайындық барысында арнайы құрылған “Астана – ӘКСПО – 2017” ҰК” акционерлік қоғамына жүктелген жауапкершілік те, атқарылған жұмыс та зор. Жакында осы акционерлік қоғамның басқарма торағасы Ахметжан Есімов еліміздің және шетелдердің біркатар БАК өкілдеріне сұхбат берді. Томенде сол саликалы әнгімені оқырмандар назарына ықшамдап ұсынып отырмыз. [buy cialis ebay](#) [cialis buy generic levitra](#) [fake generic cialis](#) [buy cialis brisbane](#) [real cialis](#) [price of cialis](#) [cheap](#)  
argaiv1797

Мемлекеттік рәміздердің қабылданғанына 25 жыл толуына орай Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің өніріміздегі филиалында өткен баспасөз мәслихатында рәміздер тарихы мен оларды қолдану талаптары туралы айтылды.

– Ахметжан Смағұлұлы, осы бір жауапты жұмысқа кірісер алдын-да сіз оптимист болдыңыз. Сонымен бірге сіз топ-менеджерлер құрамын онтайландыруды, қосымша инвестиция тартуды, туристік әлеуетті арттыруды ойладыңыз. Бүгін, яғни “ӘКСПО – 2017”-нің жалауы желбірейтін салтанатты сәтке санаулы күндер қалғанда, сол ойлағандарыңыздың қаншасы жүзеге асқандығы, қандай нәтижелерге қол жеткендігі және қандай да бір өкінішті сәттеріңіз туралы айтып өтсеңіз?

– Президент мені Ұлттық компанияның басшысы өтіп тағайындалғаннан кейін екінші күні, бұл 2016 жылдың 13 тамызы болатын, мен құрылыс алаңына келдім және тұрғызылып жатқан нысандардың алғашқысы ретінде “BI-Group” компаниясы салып жатқан құрылыс нысаны – С1 павильонын көрдім. Шындығын айтсам, дәл сол кезде бұл жерде өндіріс кестесі жазылған тақтайша орнатылған бетон плитасынан басқа ешқандай құрылыс, ешқандай ғимарат жоқ еді. Дәл сол сәтте қорған қорініс менің бойымда ешқандай оптимистік сезім тудырмай жоқ. Алда орасан зор жұмыс күтіп тұрды. Ең алдымен, Ұлттық компанияның құрылымын, департаменттерін ретке келтіру керек болды. Жұмыс ауқымы өте үлкен, ал уақыт тапшы болатын. Жұмысқа қызу кірісіп кеткеннен кейін менің бойымда оптимистік сезімдер пайда бола бастады. Білекті сыбаһып, жатпай-тұрмай жұмыс істеу керек болды. Басқа жол жоқ. Біздің дер кезінде үлгеріп алмайтындығымызға күдік білдірген сәуегейлер де көп болды. “Қоз қорқақ, қол батыр” демекші, біз жұмысты таза жерден бастап кеттік.

Ақиқатын айтқанда, біз өте ауқымды жұмыс жүргіздік. Тіпті, мердігер ұйымдармен

келіспеген сәттеріміз де болды. Ол түсінікті де. Әрбір мердігер компанияның пайда тапқысы келді. Алайда, біз бұл жұмысты түсіністікпен және білгірлікпен жүзеге асырдық. Осының нәтижесінде құрылыс нысандарының 2014 жылы жо-ба-ланған құнынан 300 млрд. тенге үнемдеуге қол жеткіздік. Біз үшін осы 1,5 жыл ерен ен-бек-ке толы күндер болды. Мен бар-лық жобалаушыларға, инже-нер-лерге, архитекторларға, ен бастысы, жұмысшыларға шексіз алғысымды білдіремін. Астанада мұндай қар қалын түскен қауарлықты көптен көрмеген едім, со-ны-мен бірге, биылғыдай борандары мен дауылдары мол коктейль де көптен бері болған жоқ. Соған қарамастан, құрылыс алаң-дарындағы қызу жұмыс қар-қы-нынан бір жанылған жоқ. Бүгінде барлық құрылыс нысандарының жұмысы аяқталды. Қазір көрме кешенінің аумағында негізінен әрлендіру және қосалдандыру жұмыстары жүргізілуде.

– Мен, “Россия” және “Рос-сия 24” арналары кіретін бүкіл-ресей-лік мемлекеттік телерадио ком-панияның өкілі боламын. Осы уақытқа дейін біздің телеарналар осы көрме қалашығының құрылыс алаңында атқарылып жатқан жұмыс ауқымына ерекше қызығушылықпен қарады. Менің сұрағым Қазақстан және Ресей Федерациясы арасындағы стратегиялық байланыстар мен қарым-қатынастарға қатысты. Екі мемлекеттің экономикасында да шикізат үлесі жоғары. Екі мемлекеттің де экономикасы негізінен мұнай өндіруге бағытталған. “ЭКСПО” ұраны – жана технология және жа-на энергия. Осыған байланыс-ты мен Қазақстан және Ресей эконо-микасы болашақта қан-ша-лықты өзгереді, екі ел экономикасындағы шикізат ба-сымдығы бүгінгі жағдайдан қаншалықты төмендейтіндігі туралы сіздің болжамыңызды білгім келеді?

– Болашақ деген ауқымды түсінік. Таяу болашаққа қоз жү-гір-тетін болсақ, біздің елдердің экономикасы өзгереді деп айта қою қиын. Алайда, алыс болашақты бағдарлайтын болсақ, өмірдің өзі сияқты экономиканың да өзгеріске ұшырайтындығы сөзсіз. Мәселен, сонау 90-шы жылдары мен Премьер-Министрдің орынбасары болып қызмет атқарған кезде, біраз уақыт энергетика саласына жетекшілік еттім. Осыдан 20 жыл бұрын АҚШ-тың астанасы – Вашингтонда екі мемлекет басшыларының қатысуымен өткен кездесуде, бүгінде энергетика саласында жемісті жұмыс істеп тұрған жобаларға жетекші мұнай компаниялары басшыларымен бірге мен қол қойған едім.

Сол бір уақытта жаңғырмалы энергия қоздері туралы, баламалы энергетика туралы ой болған емес. Шынымды айтсам, бұл тақырыппен мен осы қыз-мет-ке кіріскен сәттен бастап, етене ара-лас-тым. Менің ойымша, көптеген қазақстандықтар мен ресей-лік-тердің де түсінігі осы дәре-жеде. Бұл саланың проблемалары-мен жан-жақты айналыспай тұ-рып, экономиканың жасыл эне-р-гияға күрт бұрылатынын түсіну қиын. Қазіргі күні Тұн-ғыш Президентіміздің көрме тақы-ры-бын “Болашақтың энергиясы” деп дәл болжаған қорегендігіне тәнті боласын. Бүгінде біз қоріп отырғандай, шикізат өндіретін мемлекеттер мұнай бағасындағы құбылмалылыққа тәуелді болып отыр.

Сондықтан да менін ойымша, әлемнің барлық мемлекеттері тұрақтылыққа қарай ұмытуда, яғни баламалы энергияны қолдайды. Откен ғасырдың 70-ші жылдары мұнай-газ секторында осындай дағдарыс болған. Сол кезеңде француздар атом энергиясына қарай тұбегейлі бет-бұрыс жасады. Бүгінде Францияда өндірілетін барлық электр энергиясының 72 пайызын атом электр стансалары шығарады. Бұл ел энергияны экспорттап, оны өндіру жөнінен әлемде екінші орында, ал оның үлесі бойынша бірінші орынды иеленеді.

Қазір мен қормеге қатысушы елдердің павильондарын аралап, осы мәселеге байланысты терең ойға қаламын. Мәселен, Германияда өстіміздегі жылдың 30 сәуірі мен 1 мамыры аралығында жаңғырмалы энергия қоздырғыштары арқылы өндірілген электр қуаты елдегі бүкіл электр энергиясының 85 пайызын құрады, осы елден Голландияға баратын ұйымдардың 70 пайызы жел энергиясының көшімен жүреді. Биылғы жылы бұл қорсеткішті 100 пайызға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Жалпы алғанда қазір әлемдегі кейбір елдер балама энергия қоздырғыштарын пайдалануда өте жоғары қорсеткіштерге жетсе, кейбіреулері әлі де дәстүрлі энергия қоздырғыштарын пайдаланады. Алай-да, Президент әлденеше рет атап қорсеткендей, мұнайдың да бітетін кезі келеді, сонымен бірге мұнай бағасындағы қазіргі тұрақсыздық оны өте қауіпті шекке әкеліп тіреді. Осыған байланысты біз үшін мұнай өндіру және экспорттау тиімсіз болып қалуы да өбден мүмкін.

Осы реттен келгенде біздің қорменің “Болашақтың энергиясы” атты тақырыбы тек әлемдік державаларды ғана емес, сонымен бірге дамушы мемлекеттерді де өте қызықтыруда. Халықаралық қормелер бюросы тарихында бұл тақырыптың баламасы болып қорғен емес. Сондықтан біз қорме шеңберінде энергетикалық дағдарыстан шығудың жолын іздейтін алаң қалыптастыруға ұмытылудамыз. Откен жылы “ЭКСПО – 2017” қормесіне барлығы 30 мемлекет қатысуда ниет қылса, бүгінде қормеге 115 мемлекет толық қатысқалы отыр. Бұл мемлекеттер жаңғырмалы энергия қоздырғыштары (ЖЭК) бойынша жан-жақты ізденістер жүргізіп, үлкен жетістіктерге жетуде. Олар өздерінің осы әлеуетін “ЭКСПО – 2017” қормесінің ауқымында паш етпек. “ЭКСПО” бұл саланың мамандарына жана бағыт-тар ашады. Қарапайым азамат-тар үшін, әсіресе, жастар үшін қорме тақырыбы ЖЭК саласындағы жетістіктерді және жана технологияларды өндіріске енгізуге үлкен мүмкіндік тугызады.

– “ЭКСПО” – бұл біріншіден, әлемдегі ең үлкен қорме, екіншіден, әрбір қатысушы ел үшін мол мүмкіндіктер тугызатын зор рынок. Қытай павильоны қормедегі ең ірі павильон болып саналады, ал сіз оны қалай бағалайсыз? Екіншіден, сіздің ойыңызша Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынаста Астананың үлесі қандай болмақ?

– Ен алдымен, Кытай “ЭКСПО – 2017” көрмесіне қатысуға өте белсенділік танытқанын атап өткім келеді. Іс жүзінде КХР павильоны көрмедегі ең ірі орталық. Кытай өз павильонын жабдықтау жөніндегі жұмысты бірінші бастады және бірінші болып аяқтағалы отыр. Мен Кытай павильонында бірнеше рет болдым және онда атқарылып жатқан ауқымды жұмыстардың ерекше әсерге бөлейтіндігін атап өткім келеді. Ол түсінікті де. Кытай – халқының саны жағынан әлемдегі ең ірі мемлекет. Оның экономикасы да зор, өндірісі мен энергия ресурстарын тұтыну көлемі де орасан. Бұл елдегі импорт көлемі де жоғары. Қазақстан Қытайға мұнай және газ экспорттайды. Соған байланысты қазір ЖЭК саласында КХР-да атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар біздің елімізді өте қызықтырады. Қазір алдарыңызға елестетіп көріңіздерші, бұл ел ЖЭК саласын дамытуға бюджеттен 2,5 триллион юань қаржы бөліп отыр. Бұл ЖЭК саласына салынған қаржы көлемі бойынша әлемдегі ең жоғары көрсеткіш. Жоғарыда атап өткенімдей, Кытай павильоны көлемі жағынан ғана емес, сонымен бірге – мазмұны жағынан да терең. Көрме күндері біздің қаламызда ШЫҰ саммиті өтеді. Келген мемлекет басшы-ла-ры көрме кешенін аралайды. Сондықтан бұл шараға біз үлкен жауапкершілікпен қарап отырмыз. Оз кезегінде бұл көрме қо-мис-сарларына, павильон жетекшілеріне де зор жауапкершілік жүктейді. Менің ойымша, Кытай павильонының дайындығы жоғары, тақырыбы мазмұнды.

– “ЭКСПО” көрмесінің басшылығына келгеннен бері сіз топ-менеджерлер санын екі есе қысқарттыңыз. Бұл “ЭКСПО – 2017” көрмесіне дайындықтың мерзімі мен сапасына әсерін тигізген жоқ па?

– Мен Ұлттық компанияның құрылымымен таныса бастаған кезде оны онтайландыру қажет екенін түсіндім. Ең бастысы, құрылымды тек онтайландыруды ғана емес, оның жұмыс істеу қабілетін барынша арттыруды мақсат еттім. Мәселен, департаменттер бұл біздің барлық негізгі жұмыстарды атқаратын “жүмыс аттары” болып табылады. Ал Ұлттық компанияда департаменттердің үстінен қарайтын тоғыз атқарушы директор бар екен. Біз атқарушы директорлар санын үшеуге дейін қысқарттық. Оның үстіне екі атқарушы директор департамент директоры міндеттерін қоса атқаратын болды. Яғни, біз құрылымды жеңілдеттік. Атқаратын міндеттерді нақтыладық. Соның арқасында шешім қабылдаудағы жауапкершілік пен жеделдікті бірнеше рет арттырдық. Біз қажетсіз құрылымдарды қысқарту нәтижесінде қаржы ғана үнемдеп қойған жоқпыз, сонымен бірге тиімді команда құра білдік. Қорыта айтқанда, біз Елбасының жан-жақты қолдауының арқасында 21 айдың ішінде 6 жыл бойы атқарылмаған жұмысты атқардық. Менің ойымша, біз Ұлттық компанияның ішінде тиімді жұмыс орталығын құрумен бірге, бас мердігерлермен, жобалаушылармен, архитекторлармен және барлық қызмет орталықтарымен түсіністік қалыптастыра білдік. Біз қалалық әкімдікпен тығыз байланыста жұмыс істеп келеміз. Апта сайын әкімдікпен “ЭКСПО – 2017” көрмесіне дайындық барысындағы мәселелерді талқылаймыз. Бұл орайда біз толық түсіністік пен үлкен жетістікке қол жеткіздік.

– Казакстан үшін бұл жоба нақты қандай мүмкіндіктерге жол ашады?

– Ең алдымен, “ЭКСПО – 2017” қор-месі мамандарға, оның ішінде жастарға данғыл жол ашатын-ды-ғын атап айтқым келеді. Біз-дін жастарымыз жанашыл, осы-ған байланысты мұнда еңбек-сүйгіш және ізденімпаз жас-тарға мүмкін-дік-тер мол. Мәсе-лен, үздік тәжіри-белер айма-ғын алайық. Бұл – халық-ара-лық комиссияның іріктеуінен өткен әлемдегі ең үздік жобалар қойылған павильон. Мұнда 24 жоба орналастырылған. Осы па-вильонды аралаған адам әлемде ЖЭК саласында қандай озық жетістіктерге қол жеткізіл-гендігін көре алады. Сон-дық-тан бұл павильонды арала-ған жастар көптеген пайдалы жа-налықтармен танысады.

Тағы бір атап өтетін мәселе, қормеде “Казатомнеркәсіп” пен “Рос-атом” компаниясы бірі-гіп жаб-дықтаған корпоративті па-ви-льон жұмыс істейді. Онда бей-біт атомды адамзат игілігіне жара-ту мақсатындағы озық тех-но-ло-гиялар қорсетіледі. Тү-жы-рымдай айтсақ, экономиканы ши-кізатқа тәуелділіктен құтқару мақ-сатында “ЭКСПО – 2017” қормесі түбегейлі бетбұрыс болмақ.

– Бүкіл әлемде ауқымды шаралар өткеннен кейін инфра-құрылымдық нысандардың бос тұрып қалу проблемасы бар. Мәселен, Рио Олимпиадасынан кейін осындай жағдай орын ал-ды. Неліктен Астанада мұндай жағдай орын алмайды деп ойлайсыз?

– Біріншіден, Миланда өт-кен қормеден біздің қорменін айыр-машылығы – онда барлық па-вильондарды, оның ішінде Казакстан павильонының да қатысушы мемлекеттер өздері құрас-тыр-ды және өздері жинап алып кетті. Ал “ЭКСПО – 2017” қор-месіндегі барлық нысандар түбе-гейлі салынған ғимараттар болып табылады. Көптеген нысандар қормеден кейін де жұмыс істейтін болады. Мәселен, Сфера ғимараты Болашақ музейіне айна-лады. Мұнда энергия тақы-рыбы барынша жан-жақты, атап айт-қанда, ғарыш, құн, жел, су энергиясынан бастап, кинети-қалық энергияға дейін толық қорі-ніс табатын болады. Яғни, “ЭКСПО – 2017” қормесінің ая-сын-да қол жеткізілген барлық же-тістік қорме мұрасына айналады.

Халықаралық павильондар ор-наласқан нысандарда болашақта “Астана” халықаралық қаржы ор-та-лығы орналасады. Сонымен бір-ге мұнда Елбасының БҰҰ Бас Ас-самблеясында айтқан баста-масы негізінде БҰҰ-ның қам-қор-лы-ғымен Жасыл экономика ха-лық-аралық орталығы ашылады. IT-стартаптары да жұмыс іс-темек. Жалпы, нысандарды пай-да-лануға қатысты жиырмадан ас-там ұсыныс түсіп отыр.

Нысан-дарга деген сұраныс өте көп. Қазірдің өзінде ұсыныстар санын көрме қалашығындағы гимназистардағы бос аудандар көлемінен асып түсті. Осы ретте “JobWorld” атты әлемге әйгілі білім орталығын ашу жөніндегі ұсынысқа байланысты ойымды айта кетсем деймін. Бұл орайда біз Корея елінің тәжірибесін зерттедік. Корея бұл бағытта үздік саналады. Мұндай мектеп жасына дейінгі балаларға және 24 жасқа дейінгі жастарға арналған орталықтар көптеген дамушы елдерде ашылуда. Мектеп жасына дейінгі балалар осы орталықтарға барып, жұмыс, мамандық деген ұғымдармен танысады. Кейін өздеріне қажетті дүрыс мамандықты тандай алады. Балалар кішкентай кездерінен бастап ортаңдандырушы, дәрігер, құрылысшы, аспаз сияқты мамандықтармен өтене танысады. Яғни, бұл мамандықтардың қыры мен сырын көзбен көріп, көңілге тоқиды. Бұл орталықтарда балалар қызығушылығына, қабілетіне қарай топтастырылады, шынайы түйсігімен болашақ мамандығын тандайды. Ең бастысы, мұнда мемлекеттік білім беру орталығы да болады. Бір сөзбен айтқанда, қазірге дейін түсіп жатқан ұсыныстар санын көрме қалашығындағы гимназистардағы бос аудандарға қарағанда, өдәуір көп. Бұл бізді өрекше қуантады.

– Теріс жарнама да жарнама. Біз мамандығымыздың арқасында “ЭКСПО – 2017” көрмесіне қызығушылықтың барынша арта түскенін байқаймыз. Бұл орайда мені осында келіп, көрмені тамашалай алатын туристер қызықтырады. Сіздің ойыңызша бұл өлемдік шараға туристік қызығушылық қандай болмақ? Ресей және Қытай сияқты көрші елдерден қанша туристер келуі мүмкін? Жалпы, көрші елдерден қанша қонақтар келеді деп ойлайсыз?

– Көрмені тамашалайтындар саны 5 миллион келуші, оның 15 пайызы шетелдік қонақтар болады деп қүтілуде. Негізінен бұлар Ресейден және Қытайдан келетін туристер болмақ. Біз, өсіресе, көрші елдерде ауқымды жұмыстар жүргіздік. Атап айтқанда, Ресей бойынша мен барлық шекаралас аймақтардың губернаторларымен меморандумға қол қойдым. Олардың саны онға жуық. Сонымен бірге Санкт-Петербург, Мәскеу және басқа қалаларда роудшоу өткіздік. Сондықтан біз осы екі үлкен көрші мемлекеттен туристер көп келуге тиіс деп ойлаймыз. Тағы бір айта кететін мәселе, бүгінгі күнге дейін біз 1 миллионнан астам билет саттық. Бұл өте жақсы көрсеткіш. Билет сатып алушылардың ішінде 44 мемлекеттің туристері бар.

– Туристерге байланысты тақырыпты одан өрі жалғастырсақ. Ахметжан Смағұлұлы, сіз басшы ретінде емес, турист ретінде қандай экспозицияларды тамашалай өдініз? Сіздің міндетті түрде көрмені деген “MUST HAVE” 5 үздік жөдігер қандай?

– Кеше осында біздің еліміздің мемлекеттік органы басшыларының бірі келіп кетті. Біз

қауіпсіздік мәселесіне байла-нысты барлық нысандарды аралап шықтық. Ол осы сөзінде: “Сіз бұл гимараттардың бәрін осы жүрегіңізден өткізген шығарсыз?” – деді. Бұл шындығында солай. Көрме қалашығындағы әрбір нысан мен үшін қымбат. Ойткені, олардың барлығын осы қолымызбен тұрғыздық. Алайда, сіздің сұрағыңызға тікелей жауап беретін болсам, бірінші нысан, сөзсіз – Нұр-Әлем. Ең алдымен, бұл гимарат инженерлік және сәулет өнері тұрғысынан жүзеге асырылған озық шешімдерімен ерекшеленеді. Гимарат жабындысы – 2824 шыны, оның салмағы 13 мың тоннадан астам. Әрбір шынының салмағы 600-ден 800 килоға дейін. Бұл шынылардың ерекшелігі сол, олар дөңгелене біткен. Сөйтіп, гимараттың бұрышсыз сфералық дөңгеленген келбетін құрайды. Олар өте тегіс және үрленген шар сияқты. Ал мұндай шынылардың салмағы 1600 килодан асады. Бұл павильон көрмеге келушілердің бәрін қызықтырады. Қазірдің өзінде осы гимараттың ерекшелігіне тәнті болған National Geographic телеарнасы келіп кетті. Ақиқатында, бұл көлемі 80 метрді құрайтын, биіктігі 100 метр әлемдегі бір-ден-бір шар тәріздес гимарат. Ұлт-тық павильонның ішкі инсталляциялау және жабдықтау жұмыс-тарын дүние жүзіне белгілі швейцариялық, италиялық, германиялық фирмалар жүзеге асыруда. Бір сөзбен айтқанда, көрме қалашығындағы бірінші нысан – бұл Нұр-Әлем.

Сонымен бірге мұнда озық тәжірибелер аланы жұмыс істейді. Бұл энергияның пайда болуынан бастап, бүгінгі ЖЭК саласында қол жеткізген озық технологияларды пайдаланатын алан. Тағы бір ерекше нысан – Арт-орталық. Онда француздардың 2018 жылы алғаш рет қорсетілуге тиіс қойылымы қорсетілмек. Көрме орталығында Дю Солей циркінің қайталанбас көріністерін тамашалауға болады. “ЭКСПО – 2017” көрмесінің аланында мұнан басқа да таңдай қактыратын, қоз қызықтыратын кереметтер баршылық. Сондықтан келіңіздер, көріңіздер – таңдау жетерлік. Турист ретінде мен осы нысандарды және мен айтпаған басқа да жәдігерлерді тама-шалар едім.

– Әсерлі әңгімеңізге рахмет. Сәттілік тілейміз.

(“Егемен Қазақстан” газеті,

1 маусым 2017 жыл).